

Шиелі кентінің Оңтүстік - Шығыс беткейінен ашылған мөлтек ауданға "Ақ Орда" атауын беру туралы

Қызылорда облысы Шиелі ауданы Шиелі кенті әкімінің 2010 жылғы 17 қарашадағы N 1073 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Шиелі ауданының әділет басқармасында 2010 жылы 23 желтоқсанда N 10-9-178 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабының 3 тармағын, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4 тармақшасын басшылыққа ала отырып, аудандық ономастикалық комиссия мәжілісінің 2010 жылғы 02 қазандағы N 3 ұсыныс х а т т а м а с ы н а с ә й к е с **ШЕШЕМІН:**

1. Шиелі кентінің Оңтүстік - Шығыс беткейінен ашылған мөлтек ауданына "Ақ о р д а " а т а у ы б е р і л с і н .
2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.
3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

Кент әкімі

М.Молдабаев